



ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ТАРИХ ПЕН ТІЛДІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ

«АҚПАРАТ КӨЗІ» – КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР ХАҚЫНДА

Elmira HAMİTOVA*

ТҮЙІНДЕМЕ

Белгілі бір ұлт тілінің сөздік құрамынан орын алып, белсенді қолданыста жүрген сөздер түрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық себептерге байланысты ескіріп, сирек жұмсалатын болып немесе мағынасы көмескіленіп, қолданыстан мүлдем шеттеп қалуы мүмкін. Қолданылу дәрежесі әр түрлі салғырт (пассив) лексиканы құрайтын сондай көнерген сөздер қазақ тілінде аз емес.

Бұл мақалада көнерген сөздердің екі түрі болып табылатын, қазақ тіліндегі тарихи сөздер мен архаизмдер қарастырылады. Көнерген сөздердің мағыналарындағы ақпараттардың бәрін жарамсыз, ескірген деп қарауға болмайды. Керісінше, ғасырлар қойнауында тұнып тұрған сырларды, мәдениетіміз бен тарихымызға қатысты аса құнды ақпараттарды көнерген сөздердің мағынасын анықтау арқылы алуымызға болады. Ендеше, көнерген сөздерді құнды ақпарат көзі ретінде танымауға негіз жоқ.

Мақала барысында тілші ғалымдар арасында көнерген сөздерді терминқор қалыптастырудың тұрақты көзі ретінде танып, бұл көзді тиімді пайдалану қажет деп санайтын ғалымдар пікірі айтылады. Көнерген сөздердің мағынасын жаңғыртып пайдалану арқылы, терминқорды ұлт тілі негізінде ұдайы байытып отыруға болатыны, сонымен қатар көнерген сөздердің зерттелу тарихы туралы да сөз болады.

Кілт сөздер: Қазақ тілі, көнерген сөздер, тарихи сөздер, архаизмдер, лексика.

KAZAKÇADA ETNO-KÜLTÜR TARİHİ VE BİLGİ KAYNAĞI AÇISINDAN

ESKİMİŞ SÖZCÜKLER

ÖZ

Belli bir milletin dilinin söz varlığında yer alarak aktif kullanıma sahip olan sözcükler dilbilimsel ve dil dışı nedenlerle zamanla eskiyerek daha az kullanılmaya başlar ya da anlamı unutulmuş devre dışı kalabilir. Kullanım sıklığı farklı olan pasif kelime kadrosunu oluşturan eskimiş sözcükler Kazakçada da az değildir.

Bu çalışmada eskimiş sözcüklerin iki türü olan Kazakçadaki tarihi sözcükler ve arkaik sözcükler ele alınmıştır. Eskimiş sözcüklerin anlamlarının içerdiği bilgilerin hepsine eskimiş, işe yaramaz gözüyle bakılmamalıdır. Bilakis tarihin derinliklerinde saklı olan sırları, kültürümüze ve tarihimize ilişkin son derece önemli bilgilere eskimiş sözcüklerin anlamlarını tespit etmek suretiyle ulaşılabilir. Öyleyse eskimiş sözcüklere değerli bilgiler kaynağı olarak gereken önemin verilmesi kaçınılmazdır.

Ayrıca çalışmada, eskimiş sözcükleri terim hazinesinin oluşturulmasında sabit bir kaynak olarak değerlendiren ve bu kaynağın etkili bir şekilde kullanılması taraftarları olan dil bilimcilerin fikirleri üzerinde durulur. Eskimiş sözcükleri canlandırarak yeniden kullanıma sunmak

*Elmira HAMİTOVA, O.A.Baykonurov jezkazgan Üniv, Kazak Dili ve Edebiyatı Bölümü, barekenov87@mail.ru

suretiyle milli dilin temelinde terim hazinesini geliştirmeye hususu ve eskimiş sözcüklerle ilgili yapılan araştırmalar ele alınır.

Anahtar Kelimeler: Kazakça, Eskimiş sözcükler, Tarihi Sözcükler, Arkaik Sözcükler, Söz Varlığı

Тіл – адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған білім мен тәжірибесінің қазыналы сарайы. Тілдің лексикалық байлығын құрайтын әр сөз, сол қазыналы сарайдың қымбат мүлкі іспетті. Олай болатын себебі – әр сөз ұғымдар, заттар мен құбылыстар туралы адам баласының таным процесінде қол жеткізген нәтижесінің тілдегі көрінісі. Тіл таңбаға ие болып, тіл бірлігі болып табылатын сөзбен белгіленуі арқылы, адамның ғана емес, көпшілік қауымның, бір ұлттың немесе жалпы адамзаттың игілігіне айнала алады. Бұл тұрғыдан келгенде сөз – ақпарат көзі, әрі сол ақпаратты жеткізудің, таратудың аса маңызды құралы да болып табылады. Сол себептен де көнеріп, мағынасы көмескілене бастаған әр сөздің мағынасын анықтаудың маңызы зор. Сөз мағынасынан көрініс тапқан сан түрлі ақпараттарды анықтау арқылы, қоғамымыз бен ұлтымыздың, оның тілінің әр кезеңдегі дамуы мен ұлттық дүниетанымымыздың өзіндік ерекшеліктерін де терең тану, түсіну мүмкіндігіне ие боламыз. «Көне тамырлы этнолексика – халықтың этномәдени тарихы және тілдік процестері мен тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат көзі»» (Манкеева 1997: 263), -деп жазады тілші ғалым Ж.Манкеева.

Мәдени лексиканың ұлттық сипатын арнайы зерттеген тілші ғалымның бұл пікірі өте орынды айтылған. Халқымыздың мәдениеті мен тарихына қатысты құнды ақпараттарға толы лексикалық қабатты назардан тыс қалдыруға еш қақымыз жоқ. Сондықтан, жазба ескерткіштеріміз бен эпостық, лиро-эпостық жырларымызды, дастандарымызды, жыраулар шығармашылығын сүзіп шығып, оларда кездесетін мағынасы этимологиялық күңгірттенуге ұшыраған көздерді жинақтап, оларға талдау жасай отырып, мағынасын түсіндіретін үлкен этимологиялық сөздік шығарудың маңызы зор. Осы орайда, А.Махмұтовтың мына пікірін назардан тыс қалдырмаған орынды деп білеміз:

«Көнерген сөздер екі үлкен топқа бөлінеді. Бірі – өшкен, құрыған заттар мен құбылыстарды білдіретін историзмдер, екіншісі – жаңарған, жаңа мағынаға ие болған заттар мен құбылыстардың көне атын байқататын архаизмдер. Бұл арада көнерген сөздердің әр түрлі қасиеттерін жеке-жеке сөз етіп жатпаймыз. Тек қана ескертетініміз – егер шындық, өзгеріп құрып кетсе, оны историзмнің көмегінсіз білдіруге ешбір мүмкіндік жоқ» (Mahmutov 1962: 222).

Ғалым пікіріне сүйенетін болсақ, көне сөздер жойылып кеткен, халық жадынан өшіп қалған өте көне фактілерді, тарихи деректерді, ескі ақпараттарды анықтаудың бірден-бірі көзі, құралы болып шығады. Сондықтан да көнерген сөздер мағыналарында сақталған мұндай ақпараттар, тарихи зерттеулер барысында айқындалатын және тарихи оқиғалар мен тарихи фактілерді білдіретін

ғылымның осы саласы үшін, маңызды тарихи ақпараттарды лингвистикалық тұрғыдан толықтыра алады. Ендеше, көнерген сөздерді құнды ақпарат көзі ретінде танымауға негіз жоқ.

Әдетте біз тың *мәлімет*, *жаңа мәлімет*, *тың дерек*, *жаңа ақпарат* сияқты сөз тіркестерін пайдаланып жатамыз. Сол тың мәлімет пен жаңа ақпараттар, ғылым мен техниканың жетістіктерінің, азамат ақыл ойының нәтижесі ретінде пайда болып жатады. Адамның таным процесі кезінде пайда болып жататын ондай жаңа, тың ақпараттар тілдегі термин сөздер арқылы бейнеленіп, тілдік таңба ретінде көрініс тапқаннан кейін барып, жалпы жұртшылықтың игілігіне айналып жатады. Сол сияқты белгілі бір ұлт тілінің сөздік құрамынан орын алып, белсенді қолданыста болып жүрген сөздер түрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық себептерге байланысты ескіріп, сирек жұмсалатын болып немесе мағынасы көмескіленіп, қолданыстан мүлдем шеттеп қалуы мүмкін. Қолданылу дәрежесі әр түрлі салғырт (пассив) лексиканы құрайтын сондай көнерген сөздер қазақ тілінде аз емес. Лексиканың бұл тобын құрайтын сөздердің бір бөлігінің мағынасы бүгінгі тіл тұтынушыларына түсінікті болса, енді бірқатарының мағыналары түсініксіз болып жатады. Көнерген сөздер тарихи шығармаларда қажеттілікке байланысты, белгілі бір заттың атауы ретінде немесе сол кезеңнің тарихи жағдайы мен тілін көрсету үшін қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, көнерген сөздердің тілде бұрынғы тұлғасын сақтай отырып, жаңа мағынаға ие болып қолданылып жататын кездері де болады (Beloysova 1990: 540).

Осы орайда, «*Көнерген сөздер дегеніміз не?*» деген сұраққа толығырақ тоқталсақ. Көнерген сөздер – күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. Көнерген сөздер көнелену дәрежесі мен себебі және қолданылу сипатына қарай өзіндік лексика жүйесін құрайды. Көнеру дәрежесі бойынша: а) мағынасы түсініксіз сөздер (*байыз – байыз табу, кежеге – кежегесін кейін тарту*); ә) мағынасы түсінікті, бірақ сирек қолданылатын сөздер (*бәйбіше, қатын, мыстан, алдаспан*) болып бөлінеді.

Көнерген сөздер көнеру сипаты мен тілдегі қолданылу ерекшеліктеріне қарай екіге бөлінеді: тарихи сөздер мен архаизмдер. Тарихи сөздердің көнеруі лауазымдық атаулардың, қоғамдық құбылыстардың жойылуымен, сондай-ақ әскери қару-жарақ, өндірістік құрал-жабдықтардың қолданыстан шығып қалуымен байланысты. Архаизмдер халықтың күнделікті тұрмысына, салт-сана, әдет-ғұрпы, дүниетанымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып, ескіріп, пайдаланудан біржола шығып қалған сөздер (Hasenova 1996: 110).

Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, ондағы болып жататын неше алуан өзгерістер сөздік құрамның дамуына да әр түрлі әсер етіп отырады. Көп жағдайда тілдің лексикасы жаңа сөздердің есебінен үнемі толығып отырса, енді бір ретте кейбір сөздердің тозығы жетіп көнеруіне әкеп соғады. Көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі қолдану жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан жаңа ұрпақтың біріне жеткенмен, кейінгілерге еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды. Бара-бара қолданудан біржола ығысып, кейбіреулері тілден жоғалып та кетуі мүмкін. Жоғарыда атап

өткеніміздей, архаизмдерге әр халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасы, әдет-ғұрпына, дүниетанымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп, біржола қалып қойған сөздер жатады. Қазақ тілінде архаизмдердің мынадай түрлері бар:

1. Мата-кездеме атауларымен байланысты архаизмдер: *торқа, мақпал, шайы, пайы, мауыты, биқасап, борлат, ақсақ, репес, манат, дүрия, патсайы, берен, тұқаба* т. б.
2. Салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты архаизмдер: *сауын, ас беру, ұрын бару, құда түсу, кит кию, жылу, тілеуазық, мертікас, жарысқазан, тоқымқағар, отқасалар, бесікқұда, белқұда, жеңгетай, беташар, тасаттық, бастаңғы, қолкесер, шашу, барымта, көрімдік, қалың мал, байғазы, өлі-тірі, қырықжеті* т.б.
3. Киім-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер: *шидем, шекпен, күпі, кебіс, сәукеле, жарғақ, аба, кісе, жаулық, қоқы, жағлан, күлапара, қолжаулық, кебеже, шара аяқ, көбіс, сапты аяқ, тұтқыш, қазан қап, көнек, асадал, талыс, шөншік, керсеп, астау* т. б.
4. Діни ұғымға қатысты архаизмдер: *қиямет қайым, мұңкір-нәңкір, қазірет, пірәдар, зікір, жаназа, мүпти, підия, ақирет, қажы, қалпе, зекет, құшыр, сәлде, жарапазан, әзірейіл, періште, сәресі, айт, ішірткі, ораза, зікір, бойтұмар, әулие, әнбие, жар болу, аян беру, кітап ашу, құран шығарту, бата оқыр, дем салу, үшкірту, аптау, ұшықтау, пірге қол тапсыру, шарифат, ақтық байлау, намаз, дұғалық, жырттыс* т. б.
5. Ай аттарына қатысты архаизмдер: *наурыз-март, көкек-апрель, мамыр-май, маусым-июнь, шілде-июль, тамыз-август, қыркүйек-сентябрь, қазан-октябрь, қараша-ноябрь, желтоқсан-декабрь, қаңтар-январь, ақпан-февраль*.
6. Үй тұрмысына, мал атауларына қатысты архаизмдер: *лашық, итарқа, жаппа, шошала, жолым үй, ергенек, иткірмес, дағара, қақыра, аран, Шопаната (қой), Қамбарата (жылқы), Ойсылқара (түйе), Зеңгібаба (сиыр), Шекшеката (ешкі)* т. б.
7. Әр түрлі ұғымға қатысты архаизмдер: *аламан, алапа, албан, алаш, аластау, ақсарбас, дат, ақсақалдық, ақшом, ақшомшы, керуен, ақсүйек, ақтаяқ, сүндеттеу, ақыретшіл, жаушы, жоралғы, мор, тоғанақ, томыртқа* т. б.
8. Жалпы түркі тілдеріне тән архаизмдер: *будун, ұлық, ұлыс, жұрт, тәңрі, толағай, адақ, дарқан, бек, мешін* т. б.

Көнерген сөздердің көнеру дәрежесі үш түрлі болады:

1. Әбден ұмытылып, қолданыстан біржола шыққан көнерген сөздер. Бұл тәрізді архаизмдердің мән-мағынасын белгілі деректерге сүйеніп, сұрап білу арқылы болмаса, қазіргі кезде мүлдем түсініксіз болады да, ешқандай туынды сөз жасауға қатыспайды. Мысалы, *Керекейді атпа, қонжығы жетім қалады* (мақал). *Асабасы жоқ асқа жарымас* (мақал). *Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге* (мақал). Осындағы *керекей* – аюдың ұрғашысы, *қонжық* – аюдың күшігі, *асаба* – дастарқан

ағасы, тамада, *түмен* - он мың деген ұғымды білдірсе керек. Бұл сөздердің мағыналары іздестіріп, сұрап-білу арқылы ғана анықталып отыр.

2. Түбір қалпында жеке айтылмайтын, бірақ белгілі бір туынды сөздердің түбірінде сақталған, көнерген сөздер: *бүлдіршіндей* (бүлдіршін), *баданадай* (бадана), *сүйріктей* (сүйрік), *алпамсадай* (алпамыс), *еңгезердей* (еңгезер), *бырдай* (быр), *дардай* (дар), *тығыршықтай* (тығыршық), *абажадай* (абажа), *добалдай* (добал), *қаршадай* (қарша), *зәредей* (зәре), *шырадай* (шыра) т. б.

3. Жеке сөз ретінде қолданыстан шығып қалғанымен, мақал-мәтел мен фразеологиялық тіркестердің құрамында әлі де қолданыла беретін көнерген сөздер: *торқа-жібек*, *жарақ-қару*, *қунау-сергу*, *қырым-алыс*, *сауға-араша*, *кент-қала*, *жарлық-бұйрық*, *азар-өкпе*, *зейнет-рақат*, *түлен түртті-сор* т.б.

Архаизмдер жеке сөз түрінде де, сонымен бірге сөздің көнерген бір мағынасы ретінде де кездеседі. Мәселен, *Таныған жерде бой сыйлы*, *танымаған жерде тон сыйлы* (мақал) дегендегі *тон* деген сөз ертеде киім мағынасында жұмсалған болса, қазіргі кезде бұл сөз бұл мағынада мүлдем қолданылмайды. Сол сияқты, *тышқан*, *сиыр*, *барыс*, *қоян*, *ұлу*, *жылан*, *жылқы*, *қой*, *мешін*, *тауық*, *ит*, *доңыз* тәрізді жан-жануарлардың аттары өздерінің заттық лексикалық мағынасының үстіне белгілі бір жылдың (әрбір 12 жылда бір рет қайталанатын) атауы ретінде де жұмсалып келген болса, бүгінгі күнде бұл сияқты қолданыстар (мағыналар) тілімізден шығып қалып, семантикалық архаизмге айналып кетті. Сондай-ақ, *күн бір жауса*, *терек екі жауады* (мақал) дегендегі *терек* сөзі қазіргі әдеби тілдегі ағаштың бір түрі ретінде емес (тополь), жалпы ағаш деген ұғымды білдіріп тұр. Демек, *терек* деген сөздің де бастапқы мағынасы семантикалық архаизмге айналып кеткендігін көреміз. *Терек* сөзінің алғашқы мағынасы (жалпы ағаш деген ұғымды білдіруі) мақал-мәтелдер мен жергілікті халықтың сөйлеу тіліндегі ерекшелік ретінде кейбір облыстарда (Атырау) сақталған. Сайып келгенде, архаизмге жататын сөздердің көнеруі ескі сөздерді күнделікті қолданыстан ығыстырып, оның орнына неғұрлым ыңғайлы, жаңа сөздердің келіп басуымен тығыз байланысты.

Дәуірі өтіп, сол ескі заманның езімен қоса жоғалған сөздер историзмдер деп аталады. Историзмдердің көнеруі тарихи атаулардың құрып бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады. Историзмдерді де бірнеше төмендегідей топқа бөлуге болады:

1. Әкімшілік басқарумен байланысты туған историзмдер: *хан*, *ханша*, *ханым*, *ханзада*, *тақ*, *тәж*, *уәзір*, *бек*, *бекзада*, *патша*, *аға сұлтан*, *ауылнай*, *болыс*, *старшын*, *би*, *қазы*, *атшабар*, *шабарман*, *нөкер*, *құл*, *күң*, *орда*, *малай*, *бикеш*, *бәйбіше*, *тоқал*, *дуан*, *елубасы* т.б.

2. Әскери атақ пен қару-жараққа қатысты историзмдер: *садақ*, *жебе*, *қорамсақ*, *оқшантай*, *сауыт*, *қалқан*, *айбалта*, *найза*, *жасақ*, *қосын*, *шеру*, *сарбаз*, *дулыға*, *байрақ*, *адырна*, *қозыжауырын*, *ақберен*, *шарайна*, *наркескен*, *кіреуке*, *аламан*, *білтелі мылтық*, *шитімылтық*, *алдаспан* т. б.

3. Кеңес тұсында пайда болған историзмдер: *нарком, губком, совдеп, рабфак, алшылар комитеті, кедейлер комитеті, партия ұясы, қызыл әскер, қызыл отау, қосшы, өзара салық, БК(б)п, ұя қатшы, сауатсыздықты жою (саужай)* т. б.

Көнерген сөздер, әсіресе, историзмдер ауыспалы мағынада қолданылып, неше алуан экспрессивті мән тудырады. Мысалы: Балық – суында *патша*, *жігіт* – елінде *патша* (мақал); Ынтымақ – оқ өтсе *сауыт*, татулық – тамаша саулық (мақал); Ер азамат белгісі – түзде *мырза*, үйде *құл* (мақал); *Қараша* үйден *ханша* шығар (мақал); Шықсаң ұзақ сапарға, арымас ат – *отарба* (мақал). Историзмдердің кейбіреулерінің тура лексикалық мағыналары көнергенімен, ауыспалы мағыналары сол күйінде тілде сақталады.

Историзмдер көнеріп ескіріп кетсе, қайтып тілге оралмайтынын жоғарыда байқадық. Ал архаизмдердің кейбіреулері жаңа мағынаны алып, сөздік құрамдағы актив сөздердің үйіріне қайтадан қосылуы әбден мүмкін. Мәселен, *жасақ* деген архаизмді қайтадан тірілтіп, *жасақшы* деп жаңа сөз жасап алдық. *Төре* дегеннен *төреші* (арбитр) деген неологизм туып қалыптасты. Бұған қараған көнерген сөздер де тарихи өзгеріп отыратын лексикалық семантикалық құбылыс екендігін көреміз (Kaliuli, Volganbaev 2004: 175-178).

Тағы да кезекті көнерген сөздер кездесетін сөйлемдерге берейік. *Күн сәскелікке барып, күлдіреуіштің төбесінен қарап қапты* (С.М.). *Күлдіреуіш* деген сөздің мағынасын бірден түсіну қиын десек, ол сөйлемді былай құрып та айтуға болады: *Күн сәскелікке барып, шаңырақ шабағының кереге көз болып түйіскен жерінен қарап қапты*. Бұдан сөйлем мағынасы бұзылмайды. Бірақ, стильдік жағынан зат өз атымен тура айтылмай, түсіндіру ретінде ғана беріледі.

Дөдеге деген көнерген сөз бар. Ол киізден жасалған үйдің бір керекті заты. Қазіргі уақытта киізден жасалған үй кездеседі, уақыт озған сайын қолданылудан, қажеттіліктен шығып бара жатқан зат атауы. *Тұрқы ұзын кер ат иегін дөдегеге салып, танауын делдитіп, керіліп тұр* (С.Ж.) немесе *Бес-алты қараша үйдің ортасындағы осы ауылдың көркі деп саналарлықтай, ақ дөдегелі боз үйден шашпауын сылдырлатып біреу шықты* (Ғ.Сыланов) дегенде, бірінші сөйлемдегі *дөдеге* сөзін ол сөйлемнің мағынасы түсінікті болу үшін, оны кейде *Тұрқы ұзын кер ат иегін киіз үйдің сыртына ораған оюлы ақ киізге салып, танауын делдитіп керіліп тұр* деп құруға да болады. Одан мағына бұзылмайды, ол қайта күдіксіз, нақты, әрі түсінікті беріледі. Ал, екінші контекстен *дөдеге* деген сөзді түсінбеген адам киіз үйге байланысты атау екенін сөйлемдегі сөздердің ыңғайынан-ақ түсінеді, бірақ нақты киіз үйдің қай заты екенін біле алмауы мүмкін, сол себепті бұл контексті *Бес-алты қараша үйдің ортасындағы осы ауылдың көркі деп саналарлықтай оюлы ақ киізді боз үйден шашпауын шылдырлатып біреу шықты*, -деп құрса да, мағына бұзылмайды.

Қала деген сөздің орнына қолданылатын сөз – *шаһар*. *Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа, барды ма кезі келіп бір жұмысқа?* (Абай). Бұл сөйлемдегі *шаһар* сөзін былайша қолданса ғана ой бірден түсінікті болады: *Көкшетау шаһарында сегіз болыстың* (бұл да көнерген сөз) *күшімен салынып жатқан*

meshit (С.Ж.). Ал, Абай дәуірінде *қала* деген сөздің орнына *шаһар* сөзі қолданылған, сондықтан бұл сөз тарихи бір кезеңге тән, сол кезеңдегі жағдайға байланысты қолданылады. Қазіргі уақытта *қала* сөзінің орнына бұл сөз қолданылмайды, қолданылса, сол сөз қолданылған кез туралы әңгіме болғанда ғана жұмсалады. Соңғы сөйлемде *Көкшетау қаласында* деп қолданылмай тұрған себебі болыс, билердің кезінде *қала* делінбей, *қала* сөзінің орнына *шаһар* деп айтылуына байланысты алынған. Сонда *шаһар* деген сөздің *қала* сөзінің орнына жұмсалып тұрғандығын білдіріп тұрған – сол сөйлемдегі *болыс* деген сөз.

Қазіргі тілімізде сирек қолданылатын сөздің бірі – *берен*. Бұл сөз контекске қарай бірнеше мағынада қолданылады: бір контексте *жібек мата* мағынасында қолданылса, екінші контексте *құрыш*, *болат* деген мағынаны білдіріп тұрады. Контекстегі сөздердің ыңғайына қарай, бұл мағыналардың кейбіреулері ұғынықты да болып тұрады. Мысалы, *Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам деген бар, біз жыланнан қорықпаймыз: кесетін оны берен бар* (Жамбыл). Осындағы *берен* сөзінің берік, мықты құрыш, болат қанжар екендігін, «кесетін» деген сөзден аңғару қиын емес. Ал, *Итбай ұзататын қызға жасау керек еді деген соң, саудагер Итбайдың алдына батсайы, шайы, берен сықылды товарларды жайып салды* (С.К.) дегендегі *берен* сөзінің мағынасы бірден түсіне қою қиындық келтіреді, сондықтан ол сөйлемдегі қазіргі оқырмандардың бәрі түсінуі үшін, *Итбай ұзататын қызға жасау керек еді деген соң саудагер Итбайдың алдына батсайы, шайы, берен (берен – гүл салып тоқылған масаты, жібек мата) сықылды товарларды жайып салды*, -деп құрса, мағына жағынан ой көмескіленбей, айқын берілген болар еді. Тіпті сөйлемнен *берен* деген сөзді түсіріп, оның орнына «гүл салып тоқылған масаты жібек мата» деп алуға да болады, бірақ оқырмандардың сөздік қорымыздағы барлық сөздермен таныс болуы артық болмайды (Musabekova 1982: 66-68).

Көне түркі заманынан келе жатқан сөздердің ішінде тіркес құрамында емес, жеке тұрып қолданылатын күйде сақталғандары да жоқ емес. Бірақ, олар көне сөздер болғандықтан, бұл күнде мағыналары күңгірттеніп, арнайы зерттеулер арқылы түсіндірмесе, екінің бірі бірден тап басып, қай ұғымды беріп тұрған сөз екенін айтып бере алмайтын дәрежеде көрінеді. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырында Құртқа сұлу батырға: *Не қылсаң да маған қыл, Бурылға, сірә қағылма*, - дейді. Мұндағы *қағылма* деген сөзді әдетте «соқтықпа, ұрынба» деген мәндегі *қақтықпа* сөзінің бір варианты болар деп ұғамыз, ал дұрысында мұның түбірі көне түркі тілдеріндегі «ашулану» мағынасындағы *қақы* етістігі, сонда *қағылу* «ашулану» дегенді білдіретін сөз болып шығады. Мүмкін, *қақтығу* етістігінің түбірі де көне *қақы* болған күнде де, бұл екі тұлға қағылу және қақтығу болып, екі бөлек мағынаны беретін сөздерге айналған: *қағылу* – «ашулану, ренжу», *қақтығу* – «ұрыну, соқтығу» деген мағыналарға ие сөздер (Sızdik 1994: 168-169).

Тек қана қазақ тілінде емес, басқа да түркі тілдерінде *боза* сөзі қолданылады. *Боза* – дәнді дақылдан ашытып жасалған ішімдік. «Қуаныш арақ пен *бозаны* шелектеп ішуде ме екен...» (Т. Нұртазин. «Адам бекерге»).

Э.В.Севортян бұл сөз тек түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдер ғана емес, семито-хамит, үнді-европа тілдерінде де кеңінен жайылғанын айта келіп, *боза* сөзінің төркіні туралы да жорамалдардың әр қилы екенін көрсете отырып, *боза // бузаның* төркіні туралы мәселелерді айта кетеді.

Қазіргі тұрғыдан қарасақ, тілімізде *жекей* сөзі өте сирек қолданылатын сөз. «Он томдық түсіндірме сөздікте» *жекей* сөзіне «*сәнді, әсем (мода)*» сияқты түсінік берген, ал «Үш ғасыр жырлайды» кітабында мынандай екі жол өлең берілген: «*Жем жейді қара арғымақ түрт дегенде, Аяғын жекей басар қық дегенде...*». Осындағы «*жекей*» сөзінің мағынасына, сөздік жасаушы авторлардың бірі, түсінікті, нақты біле тұрып емес, сөйлемдегі тіркеске қарап, долбарлау, тұспалдаумен бергендігі байқалады.

Қазақта әрқайсысымыз білетін «*Сұржекей*» деген халық әні бар. Бұл әннің сөзі – «*Мінгенім дәйім менің сұржекейім... Алдында сұржекеймен бір кетейін...*» болып келеді. Міне, осы өлеңде «*сұржекей*» біріккен сөздің құрамында «*жекей*» кездеседі. Сөйлем мағыналарына зер сала қараған адамға «*сұржекей*» сөзі атқа және оның түсімен байланысты қолданылып тұрғаны күмән келтірмейді.

«*Сұржекей*» сөзінің алғашқы буыны – «*сұр*» қазіргі тілімізде қолданылады, әрі мағынасы да белгілі. Ал, «*жекей*» сөзінің мағынасы, шыққан тегі бізге беймәлім. Егер, халық өлеңіндегі «*сұржекейге*» көңіл бөлсек, түсіндірме сөздік көрсеткендей «*сәнді, әсем*» емес, аттың түр-түсін білдіретін мағынада көрініп тұр. Деректерге сүйенсек, «*жекей*» сөзі тікелей қазақтарға тән болған көне сөз және ол малдың, әсіресе жылқы түсін аңартқан деген түйінге келеміз (Nurmagambetov 1994: 109-110).

Бұхар жырау өз өлеңдерінде қазақ тіршілігінің, тұрмысының біраз жағын тікелей де, жанама да сөз етіп отырады. Осыған орай, жырау өлеңдері лексикасында тұрмыстық сөздер, сөз тіркестері едәуір. Айталық, 1) *арба, арыс(ы), сарай, жарты лашық, қыстау, көш, үлде, шекпен, бөз, шөнтік, талыс*; 2) *құл, күң, ұры, қарақ, бикеш, пақы* т.б. Сол сияқты: *мертік (болу), бүлген (соң), тіркеусіз қайту, ту сақтау, теперіш көру, шандып алу* т.б. тіркестер. Тұрмыстық лексикалардың ішінде *мертік, бұлу, теперіш, талыс, шөнтік, жебелеу, көбелеу, ұлшылату* сияқты көнерген сөздер Бұхар жырау поэзиясында көптеп кездеседі (Nurmagambetov 1994: 162-163).

Жоғарыда әскери атақ пен қару-жараққа қатысты историзмдерді сөз еткенімізде, Махамбет Өтемісұлының поэзиясына тоқталмай кету мүмкін емес. Махамбет өлеңдері – ерлік-азаматтық, жауынгерлік өлеңдер болғандықтан да, оның лексикасында қару-жарақ атаулары мен соғыстық, ереуілдік ұғымдағы сөздер едәуір кездеседі. Олар: *найза, ақ алмас, көксемсер, қылыш, жебе, бадана, сауыт, дулыға, көбе, сүңгі, білтелі, қорамсақ, садақ (садағының кірісі, масағы, адырнасы, көк шыбығы), жай, мылтық, білтелі* т.б. *Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік; Ат – жігіттің майданы, Қылыш – жанның дәрмені. Өлім – қақтың пәрмені* деп келеді (Nurmagambetov 1994: 202-203).

Көнерген сөздер ара-тұра сөйлеу стилінен де кездесіп отырады, әсіресе өткен дәуірдегі оқиғаны суреттейтін, тарихи шығармаларда жиі ұшырайды. Мысалы, *исі, игі, селебе, келе, би, болыс, елу басы, он басы, ауылнай, старшын, тоқал, бәйбіше* және осы сияқтылар әдеби шығарма стилінде белгілі бір көркемдік мақсат үшін жұмсалады. Халықтың бұрынғы өмірі, тұрмыс жағдайы туралы шығарма жазуда автор сол кезгі сөз үлгілеріне, сол уақытқа тән әр түрлі атауларға зер салып, сол өзі суреттеп отырған уақыттың тілімен сөйлетеді. Көркем әдебиет стилінде қолданылатын көне сөздердің мағынасы қазіргі оқушыға, әсіресе жастарға көбінесе түсініксіз болып келеді. Мысалы *келе* сөзі қазақ тілінде ағайын ауқымы, елі-жұрты, ортасы, қатары деген ұғымда да, жол-жора, рет-жөні, айтыс, талқы деген мәнде де жұмсалады. *Тентегі үшін келесі қарыздар болмаса. Осы елге, өз келеңе келгенде осы отырған бәрімізге салық. Мына Тобықтының ағайын келесі сендерге бір сөзді сынатқалы отырмыз. Олар сойыл соғар. Бірақ, келеге әсте кірген емес. Ас келесі солай ғой. Жұрт келесіне салармыз. Ел келесінен қалыспайтын пысық сөзуар, өзі мысқылшыл Абыралы отыр* (М. Әуезов). *Бағы, тауарық* сөздеріне келсек, бұлар осы күнде жиі айтылатын, әркімге әбден түсінікті баяғы, ескі сөздерінің көне формасы. Мұндай сөздер көркем әдебиет стилінде, мысалы тарихи тақырыпқа, бұрынғы өмір жайлы жазылған шығармаларға, жазушының өз баяндауына көбірек жарасымды. Сондай-ақ тіліміздегі *арсы, дабыл, шың* — бұлар да көне сөздер. Соңғы екеуі көбінесе эпостық шығармаларда жиі ұшырайды. *Арсы* – арман, тілек мағынасын білдіретін сөз. Жоғарыда аталған *келе, арсы, дабыл, шың, бағы, тауарық* сөзі ескілікті оқуы бар қарт адамдардың сөйлеу тілінде, көркем әдебиетте және ғылыми стильде кездеседі. Ғылыми еңбек тілінде ілгеріде аталған көне сөздердің бәрі бірдей кездесе бермейді, оқулықтарда және бір атау түрінде келген, нақтылы мағыналы көне сөздер ғана қолданылады. Мысалы: *дабыл, шың, елубасы, старшын, тоқал, әмеңгер* тәрізділер. Ал онда *исі, игі, келе, селебе, арсы, бағы* сияқты көне сөздер негізінен қолданылмайды. Бұлар ресми, кеңсе ісқағаздары стилінде жалпы сирек ұшырасады. Сөйлеу тілінде, публицистикалық және көркем әдебиет стилінде олардың бәрі (нақтылы мағыналы атау түріндегі көне сөздер де, абстракт мағыналы көне сөздер де) кездесіп отырады. *Дабыл, сауыт, шың* сияқты көне сөздер эпостық жырларда жиі болады. *Алтын терек арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен әлмейсің дейді Әйгерім сазы. Бұл жөнінде бағзы заман ғұламалары жазып кеткен дағуалар бар. Оралбайды жеңгенімен, өмірді, тауарықты жеңе алмас. Шәке ерінің қасына байлаған дабылды қатты даңғыратып, соғып жіберді. Шыңды шабуыл жалғыз көзді жалмауыздың өзіне беттеп жөнелгенде* (М. Әуезов). *Алдына дабыл төңкерген, Артына сауыт бөктерген... Барабан соғып, шың қағып* (Қобыланды).

XIX ғасырдағы әкімшілік атауларының ішінде әсіресе *болыс* және *би* есімдері ерекше көңіл аударады. Өйткені осы сөздерге байланысты әр алуан терминдік сөз қолданыстар қалыптасты. Мысалы: *болыс, болыстық сайлау, болыстық старшын, болыс кеңсесі, төбе би, тіретей би, тіретей билер, долынжы би, урядник, стражник, аға сұлтан, кандидат, атшабар, елу басы, он басы, почтабай, ояз*, ол тұста сондай-ақ *құн, барымта, дуан, дуан басы, қол, қол*

басы, жатақ, бас жатақ, орта жатақ, аяқ жатақ, жасауыл, дүре, майыр, приказдың бастығы, үкілі пошта, еңбекшерік, кәсіп-шерік, қарашырын, недоимка сияқты көне сөздер де айтылды. Көпшілігі историзм, біразы – архаизм. Қазір қай-қайсысы да негізінен көркем әдебиет стилінде (онда да тарихи шығармаларда), ғылыми стильде (тарих оқулықтарында және осы тақырыпты зерттеу жұмысының тілінде) ғана қолданылады. Оқта-текте ресми және сөйлеу стилінде (баяндама, лекцияда) жұмсалады. Архаизмдер ресми-кеңсе стилінде өте аз кездеседі. Олардың ең көп қолданылатын жері – көркем әдебиет стилі. Оны мына бір үзінділерден айқын көруге болады. *Сыбан, Тобықты, Қерей, Уақ болыстары, кандидаттары, долынжы билері қастарына тілмаштарын алыпты* (М. Әуезов). *Ұлық үйлерінен урядниктер, стражниктер де шықты. Мынау жалғыз ояз емес, көп төренің тобы ғой* (сонда). *Бұны биыл Құнанбай өзі аға сұлтан болғаннан кейін осы Тобықтыға болыстық старшын еткенді* (сонда). *Осында «еңбекшерік», «кәсіпшерік» болысып орналасып қалған көптеген елдің үйлері бар* (сонда). *Мұндайлық айналма пәленің ашық аты — «недоимке», «қарашығын» және биыл түскен «түңдік басы»* (сонда). *Өтеп біріншінің старшыны еді* (сонда). *Соның Дәмежан қорасы тұрған жағы, бас жатақ атанады* (сонда). *Дуаны бұл болыстардан бөлек болса да, жері көршілес Керей де бар. Жасауы шақырғанға келмейді* (сонда). *Енді бұл қосын өздерінен басқа дүниеден түгел қол үзіп жалғыз қалды* (Ғ. Мүсірепов). Соңғы сөйлемдегі қосын көне сөзі тарихи тақырыпқа жазылған публицистикалық еңбектерде де қолданылады. Публицистикалық стильде, сондай-ақ, өзге де кейбір көне сөздер кездеседі.

Ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің даму барысында да кейбір атаулар көне сөзге айналады. Мысалы, *бодия, атбарабан, қайла, бу* (шахтадағы), *жезл, суфляж, жарты казарма, толкач пионер* (темір жолдағы), *жылу мөлшері, жылу беру, жылу алмасу, жылу сыйымдылық* (физикадағы) қазір жалпы пайдаланылмайды. Бірақ ғылыми стильде осылардың қай-қайсысы да қолданылады. Кейбіреуіне мысал келтірейік. *Бірақ, жылу тегі теориясының негізінде қалыптасқан «жылу мөлшері», «жылу беру», «жылу алмасу» және «жылу сыйымдылық» тәрізді ескі ұғымды білдіретін терминдер физикада қалып қойды* (ғылыми мақаладан) (http://www.zharar.com/kz/referat/270-referat_neologizm.html. www.ZHARAR.com).

Көнерген сөздердің зерттелу тарихына үңілетін болсақ, қазақ тілінде көнерген сөздер мәселесі ертеректе А.Махмудов (Махмудов 1963: 28) тарапынан арнайы зерттелді. Одан бері де жарты ғасырға жуық уақыт өтті. Бұл мәселені әлі де жан-жақты, әр түрлі аспектіде қарастырудың маңызы бар деп білеміз. Қазақ тіл білімінде көнерген сөздердің көмескіленген мағыналарын ашуға, көне атаулардың этимологиясын, этнолингвистикалық табиғатын тануға арналған жекелеген зерттеу еңбектері, ғылыми мақалалар бар. 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» академиктер Ә.Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке», Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді», филология ғылымдарының докторы Ә.Нұрмағамбетовтің «Бес жүз бес

сөз» атты еңбектері мен өзге де осы мәселеге тікелей және жанама қатысы бар ғылыми мақалаларды солардың қатарына қосуға болады.

Р.Сыздық аталған еңбегінде:

«Ертедегі ұшан-теңіз әдеби мұрамыз бен сөйлеу тілімізде кездесетін бұл күнде не мүлде түсініксіз немесе мән-мағынасы өзгеше түсінілетін бір алуан сөздердің сырын ашу үшін олардың өздерін «сөйлеттік». Бұл сөздер өз табиғатын таныту үшін ғана сөйлеп қоймайды, халқымыздың өткендегі тарих көшінен де хабар береді», -дейді.

Ғалымның атап көрсетіп отырған «халқымыздың өткендегі тарих көшінен берілетін хабары» сөз мағынасы арқылы бізге жетіп жататын көне ақпараттар болып табылады. Сөздің көне мағынасын ашу арқылы ұлт өмірінің сол дәуірдегі өмір-тіршілігі, таным-түсінігі, пайым-парасаты т.б. қырлары туралы ақпараттар алуға болады. Қоғам дамуының қай кезеңінде де әр халықтың көрген-білген, материалдық, рухани-мәдени өміріндегі жетістіктері оның тілінен көрініс тауып отырады. Көнерген сөздердің мағынасын айқындау тарих ғылымы үшін де қажет. Көнерген сөздер көне ақпараттар көзі ретінде белгілі бір тарихи кезеңге қатысты мол мәлімет береді. Бұл орайда тілші ғалымдардың мына пікірі өте орынды айтылған деп білеміз. «Біле білсек, оның тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сөз байлығының қат-қабат қойнауларын тереңірек тексеріп, ақтара зерттесек, олардың өткен өміріміз жайлы берер мәліметі, шертер сыры аз болмаса керек» (Sızdıк 1994: 81-82).

Сөз төркінінің анықтауымен арнайы айналысып, кітаптар жазған тілші ғалым Ә.Нұрмахамбетов те сөз мағынасының дамуының қоғам дамуымен тығыз байланысты екенін айтады. «Сөз мағынасының тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Дәлірек айтқанда, қоғамның әр дәуірінде дамуына қарай сөз мағынасы да соған сәйкестене отырып, ілгері дами түседі» (Нұрмұхамбетов 1994: 3), -дейді ғалым. Тілші ғалымдар арасында көнерген сөздерді терминқор қалыптастырудың тұрақты көзі ретінде танып, бұл көзді тиімді пайдалану қажет деп санайтын ғалымдар да бар. Олар көнерген сөздердің мағынасын жаңғыртып пайдалану арқылы, терминқорды ұлт тілі негізінде ұдайы байытып отыруға болады деп санайды. Соңғы жылдары ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының ресми бекіткен терминдерінің қатарында көнерген сөздер де орын ала бастады. Мәселен, *қарымжы (задаток), кежеуіл (телохранитель), көзқаман (нигилист), расытхана (обсерватория)* сияқты сөздер осы сөз болып отырған лексикалық қабаттан алынған атаулар. Алдағы уақытта да көнерген сөздер қабаты тұрақты көз ретінде пайданыла беретін болса, терминологиялық қорымыздың ұлттық сипаты арта түсетініне күмән келтірмеуге болады. И.Р.Гальперин

«Сөзде жаңа ақпараттың жинақталу процесі барлық уақытта сөз мазмұнының құрылымын байыту деп ойламау керек. Сөз жаңа мағыналарға ие болумен қатар, ескі мағыналарын жоғалту қабілетіне

де ие. Басқа сөзбен айтқанда, сөзде сақталған ақпарат біртіндеп құнын жоғалтып, соның нәтижесінде жекелеген мағыналар жоғалады (өледі)», -дейді (Kaliuli 1974: 84).

Сонымен, қорыта айтқанда, сөздің көнерген, ұмыт болған мағыналарын қалпына келтіру арқылы, халқымыздың басынан кешкен сол көне дәуірлеріне қатысты мәдениеті мен тілінің дамуы жөнінде құнды ақпараттар алуға болады. Ескісіз жаңа пайда болмайды. Түрлі себептермен ескіріп, салғырт лексика қатарына көшкен сөздер мағыналарында сақталған немесе мүлде күңгірттеніп, жоғалып кеткен ақпараттарды көне жазба ескерткіштер мен өзге туыстас тілдер деректеріне сүйене отырып, анықтауға болады. Сол мағыналарды жаңғыртып, оларға қосымша «жүк артып» жаңа мағына жүктеп пайдалануға да болады (Alibek 2006: 85).

Жалпы, көнерген сөздердің барлығын салғырт лексика қатарына біржола кеткен, күні өткен тілдік бірліктер деп қараудың өзі қате түсінік. Сондықтан да, олардың мағыналарындағы ақпараттардың бәрін жарамсыз, ескірген деп қарауға болмайды. Керісінше, ғасырлар қойнауында тұнып тұрған сырларды, мәдениетіміз бен тарихымызға қатысты аса құнды ақпараттарды көнерген сөздердің мағынасын анықтау арқылы алуымызға болады. Жалпы кез келген ақпарат оның құнын білген адамға немесе адамдар тобына, белгілі бір қауымға ғана құнды болады. Ал, жеке адамға қатысы жағынан ақпараттың құндылығы әркім үшін әр түрлі болуы мүмкін. Ол адамның білім деңгейіне, мамандығына, қызығушылығына, эрудициясына немесе сол ақпараттың оған қажеттілігіне байланысты болатын нәрсе. Сондықтан, ақпарат құндылығы туралы сөз еткенде мәселеленің бұл қырын да ұмытпаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- ALIBEK G., (2006), Söz mağınası jane aқпарат. *Oku kuralı*, A.: «Atlas baspası».
- BELOUSOVA A.S., (1990), *Ustarevşiyе slova // Lingvstiçeskii, ensiklopediçeskii slovar*, M.:«Nauka».
- GALPERİN İ., (1974), *İnformativnost edinic yazika*, M.: «Nauka».
- MANKEEVA J.A., (1997), *Madeni leksikalık ulttik sipatı*, A.: «Rauan».
- MAHMUTOV A., (1962), *M. Auezovtın “Abay jolı” romanındağı konergen sözder // Kazak tılının tarihi men dialektologiyasının maseleleri: 4-şıǵı*, A.: «Mektep».
- MAHMUDOV A., (1963), *Arhaizmi, istorizmi v kazahskom yazike: avtoreferat kandidata istoriçeskih nauk.*, A.
- MUSABEKOVA F., (1982), *Kazak tılının praktikalık stilistikası*, A.: «Mektep».
- KALIULI Ğ., Bolǵanbayev A., (2004), *Kazırgı kazak tılının leksikologiyası men frazeologiyası*, A.: «Okulık».

NURMAĞANBETOV A., (1994), Bes juz bes söz, A.: «Rauan».

ÖMİRALİYEV K. / Kurast.: f.ğ.d. Anes Ğ. Jane İbrayeva J.K., (2014), Kazak tıl bılıminın meseleleri, A.: «Abzal-ay».

SIZDIK R., (1994), Sözder söuyleydi (Sözderdın koldanlı tarihınan), A.: «Sanat».

HASENOVA A., (1996), Tıl bılımı. **Oku kuralı: 2-basilui**, A.: «Sanat».

http://www.zharar.com/kz/referat/270-referat_neologizm.html. www.ZHARAR.com.